

## **2022 жылғы су тасқыны кезеңіне арналған ҚОРЫТЫНДЫ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ**

NASA спутниктері суреттерінің деректері бойынша «Қазгидромет» РМК есептеген Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 3%-ды құрайды (1-қосымша). Қар жамылғысы негізінен Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының жыраларында, орманды және таулы аймақтарында сақталған.

2022 жылғы 16-22 сәуірдегі апталық синоптикалық болжамға сәйкес батыста атмосфералық фронттардың өтуіне байланысты кезеңнің соңында жаңбыр күтіледі, солтүстік-батыста, солтүстікте, оңтүстікте, шығыста, республиканың орталығында жаңбыр күтіледі, кезеңнің соңында жаңбыр қарға ауысуы мүмкін.

**20-22 сәуірде Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарының оңтүстігінде қатты жаңбыр күтіледі, таулы аудандарда және тау бөктерінде жаңбыр жауып, қарға ауысады. 21-22 сәуірде Шығыс Қазақстан облысында қатты жауын-шашын (жаңбыр, қар) болжанады, осыған байланысты республиканың оңтүстігіндегі, оңтүстік-шығысындағы және шығысындағы тау бөктеріндегі аудандарда баурайлық ағынның қалыптасуы күтіледі (2-қосымша).**

### **Жазық өзендер бойынша**

Су тасқынының шегі **Қарағанды, Қостанай және Ақтөбе облыстарында өтті. Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында** Жайық өзенінің одан әрі сулылығы Ресей аумағында орналасқан су қоймаларының жұмыс режимдерімен анықталатын болады.

**Ақмола облысының** өзендерінде көктемгі су тасқынының шегі өтті, өзендердің жоғарғы ағысынан ағып жатқан толқындардың әсерінен Нұра және Есіл өзендері деңгейлерінің одан әрі ауытқуы күтілуде.

**Павлодар облысындағы** Ертіс өзенінің одан әрі сулылығы Жоғарғы Ертіс су қоймаларының (Бұқтырма және Шүлбі су қоймалары) жұмыс режимдерімен анықталады.

**Солтүстік Қазақстан облысында** су тасқынының 1-кезеңі өтті. Аққанбұрлық, Бабыбұрлық, Иманбұрлық өзендерінде, Есіл өзенінің салалары мен Сергеевское су қоймасында су деңгейінің төмендеуі байқалады. Есіл, Қалқұтан, Жабай және Терісаққан (Ақмола облысы) өзендерінің ағынын ескере отырып, **Солтүстік Қазақстан облысында** су тасқынының 2-кезеңінің өтуі мамыр айының басына дейін жалғасады.

### **2022 жылғы 16-22 сәуір аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі**

- **Есіл өз. Сергеев су қоймасына** келіп түсетін су 280-420 млн. м<sup>3</sup> көлемінде (Тоқсан би ГБ және Иманбұрлық - Соколовка ГБ тұстамасы бойынша).

## **Таулы өзендер**

Шығыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарының таулы өзендерінде, республика аумағынды қалыптасқан су тасқыны жауын-шашынның көп түсуіне байланысты.

### **Шығыс Қазақстан облысы бойынша**

07.04-14.04.2022 күндер аралығында облыс аумағындағы қар жамылғысының ауданы 33%-дан 20%-ға дейін азайды.

Шүлбі су қоймасынан төмен Ертіс өзеніндегі мұз жағдайы: Семей ГБ-інде – таза, Семиярка ГБ-інде – мұз жүру, Семиярка ГБ- РФ шекарасына дейін мұз құбылыстарының әлсіреуі байқалады.

### **Түркістан, Қызылорда, Жамбыл және Алматы облыстары бойынша**

07.04-14.04.2022 кезеңіндегі қашықтықтан зондтау суреттері бойынша қар жамылғысының ауданы:

- Түркістан облысында 2%-дан 1%-ға азайды;
- Жамбыл облысында 1%-ды құрайды;
- Алматы облысында 13%-дан 9%-ға азайды.

Сырдария, Шу, Талас, Іле, Ертіс, Жайық, Қиғаш және т.б. **трансшекаралық өзендерінде** одан әрі сулылығы Ресейде, Қытайда, Қырғызстанда, Тәжікстанда және Өзбекстанда орналасқан су қоймаларының жұмыс режимдерімен айқындалатын болады.

**Бас директор**

**Д. Алимбаева**

**Бас директордың орынбасары**

**С. Саиров**